



« 21 » қаңтар 2025 ж.г.
Кызылорда қаласы

№ 06
город Кызылорда

АНЫҚТАМА

**Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің КМҚК "Ер Төстік"
бөбекжай бақшасының 2024 жылдың қорытындысымен және 2025
жылдың 21 қаңтарымен жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу бойынша**

25 қараша 2024 жыл

Қызылорда қаласы

ҚР "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы" Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдануы және ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығымен бекітілген (ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 16.01.2023ж №21 бұйрығымен) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары бойынша 2024 жылдың 10 айы қорытындысымен ағымдағы жылдың 27 желтоқсан мен 2025 жылдың 21 қаңтары қорытындысымен ішкі талдау жасалды.

Көрсетілген мерзімде Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің КМҚК "Ер Төстік" бөбекжай бақшасының ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдауға мына бағыттар негізінде жүргізілді.

1) Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау; КМҚК "Ер Төстік" бөбекжай бақшасында жалпы қызметкерлер саны –50 қызметкер. Оның ішінде педагог қызметкерлер бойынша –22, техникалық қызметкер - 26, бала күтімінде қызметкер -4 қызметкер.

Үшінші біліктілік санатты -0 екінші біліктілік санатты басшы - 1, педагог-шебер -0, педагог-зерттеуші - 2, педагог-сарапшы - 2, педагог-модератор - 13, жоғары санатты - 0, бірінші санатты - 0, екінші санатты - 0, санатсыз педагог саны -5 . Жоғары білімді - 17, арнаулы орта білімді - 5. Педагогика ғылымының магистрі - 0. Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп отыр. Барлығы 22 педагог білім жетілдіру курстарынан өткен. Сонымен қатар, педагог кадрларды аттестаттаудан өткізу бойынша 2024 жылдың сәуір айында 1 тәрбиеші педагог-модератор біліктілік санатын алды.

Бөбекжай бақшада барлығы 180 тәрбиеленуші бар. Оның ішінде 2-3 жас аралығында 40 бала, 3-6 жас аралығында 140 бала тәрбиеленуде. 2024-2025 оқу жылында бөбекжай бақшаның мектепалды 45 бала бітіреді деп жоспарлануда. Оқу тәрбие процестері бойынша қолданыстағы заң талаптары сақталып, білім беру процестері өз деңгейінде жүргізілуде. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша балаларды ерте жастан әлеуметтендіру мақсатында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес режимдік сәттер ұйымдастырылып, өткізілуде. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары , мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша жұмыстар толық жүргізіліп отыр.

Сондай-ақ, кадр мәселесіне қатысты осы оқу жылында 2024 жылдың қаңтар айында «eңбек.kz» Фэйсбук әлеуметтік желісі арқылы конкурс жарияланып, конкурс нәтижесінде , 2024 жылдың қаңтар, қыркүйек айларында 2 педагог жұмысқа қабылданды. Бұл сала бойынша заң талаптары бұзылмаған, сыбайлас жемқорлыққа жол берілмеген.

2) Мүдделер қақтығысын реттеу;

Заңдылықтың бұл талаптары бойынша мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ, көрсетілген мерзімде жұмыс беруші мен жұмыскер арасында заңдылықтың бұзылуына жол беретін жағдайлар тіркелмеген;

3) Мемлекеттік қызмет көрсету;

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, көрсетілген мерзімде білім бөлімі тарапынан мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданбаған. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне уақытылы жауаптар беріліп, "Е-өтініш" ақпараттық жүйесімен жұмыс жасалып, жолданымдарға сапалы жауаптар беріліп орындалып отыр.

Алайда, 2024 жылдың 10 айы қорытындысымен келіп түскен өтініштер мен жолданымдар саны -4.(ұсыныс түскен)

1.«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы - «Халыққа қызмет көрсету орталығы» арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ЦОН) – 0

2. Мемлекеттік органмен тікелей көрсетілген мемлекеттік қызмет саны – 82 ата-анадан өтініш түскен.

3. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызмет саны (ПЭП) осы он ай мерзімде –0 санды құрайды.

Ішкі талдау барысында саланың бұл талаптарымен заң бұзушылықтар анықталған жоқ.

4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;

Бөбекжай бақшаға бұл бағыттағы рұқсат беру функциялары берілмеген.

5) Бақылау - тексеру функцияларын іске асыру;

Бұл бағыт бойынша да іске асыру мүмкіндігі жоқ.

6) 6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу; КМҚК "Ер Төстік" бөбекжай бақшасы бойынша 2024 жылға жалпы қаралған бюджет:180 384 915 теңге .Оның ішінде; Республикалық бюджет -20602080 теңге, жергілікті бюджет-159 782 835 теңге.

Ағымдағы жылдың он айымен 142 240 561 мың теңге игерілді. Оның ішінде;

111 бағдарлама бойынша – 99 827 720,00 мың теңге,

113 бағдарлама бойынша- 11 328 576 мың теңге,

121 бағдарлама бойынша – 3 140 030 мың теңге

122 бағдарлама бойынша – 1 798 600 мың теңге,

124 бағдарлама бойынша – 2 769 460 мың теңге;

144 бағдарлама бойынша – 16 786 000 мың теңге;

141 бағдарлама бойынша – 299 900 мың теңге

149 бағдарлама бойынша – 5 735 576 мың теңге. Бөбекжай-бақшаның басқа қызметкерлерінің банктік карточкаларына артық ақша аудару фактілері орын алған жоқ.

7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;

2024 жылдың 10 айы қорытындысымен және ағымдағы жылдың 21 қаңтары бойынша бөбекжай-бақшадағы жеке тұлғалардан өтініштер келіп түспеген. Күнделікті ата-аналар тарапынан туындаған мәселелерді меңгеруші жеке мәселелерімен сұрақтарымен қабылдап, әрбір ата-ананың мәселесі қаралып, жедел шешімін табуға жұмыстар жасалған.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі» 2020 жылғы 29 маусымдағы Кодексінің 89-бабының 2-тармағы бойынша, хабарға, ұсынысқа, үн қосуға, сұрау салуға жауаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сілтеме жасай отырып, мемлекеттік тілде немесе өтініш берілген тілде мазмұны бойынша негізделген және уәжделген болуға, оның қабылданған шешімге шағым беру құқықтары түсіндіріле отырып, арыз иесінің дәлелдерін жоққа шығаратын немесе растайтын нақты фактілерді қамтуға тиіс.

Ішкі талдау барысында КМҚК "Ер Төстік" бөбекжай бақшасына 2024 жылдың 10 айы және ағымдағы жылдың 21 қаңтары аралығында өтініштер тіркелмегендігі анықталды.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 10 айы және ағымдағы жылдың 21 қаңтары аралығында «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесіне келіп түскен ұсыныстар саны —4, оның 4-і де ұсыныстар. Ұсыныстарға тиісті жазбаша жауаптар беріліп отырған.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қатысты мәселелер тұрақты қаралып, оларға қатысты шағымдардың болмағаны зерделеніп, бұл сала бойынша заңдылықтың бұзылу фактілері орын алған жоқ.

8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Ақпараттық жүйелер "Е-өтініш" ақпараттық жүйесімен жұмыс жасалып, жолданымдарға сапалы жауаптар берілген. ҰБДБ деректері жаңартылып, өзектендіріліп отыр. ES.IAC ақпараттық жүйесі бойынша жауапты маман бақылап, жауап беріп отырады. Сонымен қатар, қауіпсіздік үшін қойылған бейнебақылау камераларының жалпы саны-31 дана, оның ішінде 21 дана камера ғимараттың ішкі бөлігінде, 10 дана камера ғимараттың сыртқы бөлігінде орналасқан.

9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер;

Мемлекеттік сатып алу бойынша

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен 39 лот бойынша 19 958 626 теңгеге жарияланып, 39 өнім жеткізіп берушімен 18 777 623 теңгеге келісім шартқа отырған.

Шаруашылық тауарлар -565 457

Медициналық тауарлар-220 663

Сұйық отын-15 119 910

Ашық конкурс бойынша 1 лот бойынша 1 200000 жарияланып 1 өнім жеткізіп берушімен 1 200 000 теңгеге келісім шартқа отырған.

Мамандандырылған күзет қызметі

Бір көзден алу тәсілімен 5 лот бойынша 3 595 553 теңгеге 3 өнім жеткізіп берушімен келісім шартқа отырған.

Электр энергиясы бойынша қызметтер.

Орталықтандырылған су мен кәріз жүйелерін пайдалану бойынша қызметтер.

Санитарлық эпидемиологиялық сынама алу бойынша қызметтер

Бөбекжай бақшадағы мүліктер талапқа сай және балалар санына сәйкес толық қамтылған. Мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылық деректері орын алмаған. Білім беру ұйымында бітіруші мектеп алды даярлық топтарының ата-аналары мен заңды өкілдері арасында "Балабақшамен қоштасу" кештерін өткізу кезінде ақша жинау, педагог қызметкерлерге сыйлықтар мен қаржылай сыйлықтар бермеу (алу) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын-алу жөнінде түсіндірме жұмыстары жұмыстары жүргізіліп, жиналыстар өткізіліп отырады.

Қорытынды.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде КМҚК "Ер Төстік" бөбекжай бақшасының атқарып келген қызметтерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің сипаты орын алмаған деген қорытынды жасалынды.

КМҚК "Ер Төстік" бөбекжай

бақшасының меңгерушісі



С.У.Абуова